АЛАКӨЛ АУДАНЫНЫҢ
ҮШАРАЛ
ҚАЛАЛЫҚ ОКРУГІНІҢ
ӘКІМІ

АКИМ
УШАРАЛЬСКОГО
ГОРОДСКОГО ОКРУГА
АЛАКОЛЬСКОГО РАЙОНА

ӨКІМ | **РАСПОРЯЖЕНИЕ**

12.01.2026 | № 31

Үшарал қаласы | город Ушарал

Үшарал қалалық округі әкімі аппаратының ғимаратын электрмен қамтамасыз ету мақсатында электр энергиясын бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 16-бабының 5-тармағына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506-тармағына сәйкес, **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Үшарал қалалық округі әкімі аппаратының ғимаратын электрмен қамтамасыз ету мақсатында электр энергиясын 16-баптың 3-тармағының 1) - тармақшасы бойынша тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізілсін.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты "Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы Ж.Сатыбалдинов:

- Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР Заңының 5-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім берушіні айқындасын;

- өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберсін.

3. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылдау жауапкершілігін өзіме қалдырамын.

Қала әкімі **А.Абишев**

001852

Қарсы емес

Үшарал қалалық округі әкімі
А. Абишевқа

"Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы
Ж. Сатыбалдиновтан

ҚЫЗМЕТТІК ЖАЗБА

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүргізу туралы

Осы қызметтік жазба арқылы 2026 жылға арналған Үшарал қалалық округі әкімі аппаратының ғимаратын электр энергиясымен қамтамасыз ету бойынша бұрын жасалған шарттың талаптары толық көлемде орындалғанын хабарлаймын.

Аталған шарт ғимараттың сол кезеңдегі нақты электр энергиясын тұтыну көлеміне сәйкес жасалған болатын. Алайда, 2025 жылдан бастап ғимаратта қызметкерлер санының артуына, қосымша кабинеттердің пайдалануға берілуіне және электр жабдықтарының көбеюіне байланысты электр энергиясын тұтыну көлемі ұлғайып, қосымша электр энергиясына қажеттілік туындап отыр.

Аталған жағдайды және ғимараттың үздіксіз әрі қалыпты жұмысын қамтамасыз ету қажеттігін ескере отырып, энергиямен жабдықтау қызметтері бойынша Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру қажет деп есептеймін. Аталған құқықтық нормада табиғи монополия салаларына жататын, оның ішінде электр энергиясымен жабдықтау қызметтерін бір көзден сатып алуға жол берілетіні көзделген.

Осыған орай, жоғарыда аталған заң нормасына сәйкес Үшарал қалалық округі әкімі аппаратының ғимаратын электр энергиясымен қамтамасыз ету мақсатында электр энергиясын бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүргізуге рұқсат беруіңізді сұраймын.

"Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы **Ж.Сатыбалдинов**